

## **Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы**

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 14 наурыздағы № 11/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 наурызда № 5234 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі, "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" 2010 жылғы 29 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтоғай ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар үшін көтермелеудің түрлері мен тәртібі және ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*С. Абеуова*

Ақтоғай ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
қаулысына қосымша  
№ \_\_\_\_\_

## **Ақтоғай ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі және ақшалай сыйақының мөлшері**

### **1-тарау. Көтермелеу түрлері**

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйлықақы беру.

### **2-тарау. Көтермелеу тәртібі**

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Ақтоғай ауданының әкімдігімен құрылатын қоғамдық тәртіпті қамтамасыз

етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды.

3. Комиссия құрамына жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың, ішкі істер органдарының өкілдері енгізіледі.

4. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсыныстарды комиссияға қарауға аумақтық полиция органдары енгізеді.

5. Комиссия қабылдайтын шешім азаматтарды көтермелеу үшін негіз болып табылады.

6. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін Комиссия қабылдаған шешімге сәйкес қосымша аумақтық полиция органы бастығының бұйрығы шығарылады.

7. Көтермелеу түрлерін, оның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отырып, Комиссия белгілейді.

8. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеуді аумақтық полиция органдары салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

### **3-тарау. Ақшалай сыйақының мөлшері**

9. 10 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.

10. Ақшалай сыйақы бюджеттік заңнамаға сәйкес төленеді.